

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік

университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

2021ж.



## **САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

**УЕ-ХҚТУ-074-2021**

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАТАҚХАНАЛАРДА ТҰРУ ЕРЕЖЕСІ**

#### **АЛҒЫ СӨЗ**

1. Жатақханалар орталығымен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер – Жатақханалар орталығының басшысы **С.Муханов**
3. Келісілді – Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры **А.Тұрғанбаев**
  - Заң бөлімінің басшысы **Г.Мусаханов**
  - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы **Қ.Тубеков**
  - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы **Ж.Дарибаев**
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2021 ж.
- 5.Тексерілу мерзімі – 2023 ж.

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

**Түркістан**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-074-2021</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Жатақханалар орталығының ережесі</b>		<b>9 беттің 2–ші беті</b>

## **Мазмұны**

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Жалпы ережелер	3
6. Жатақхананы басқару кеңесі	4
7. Жатақхананың студенттер кеңесі	4
8. Жатақханаға қабылдау және жатақханада тұру	4
9. Жатақхана төлем ақысы	5
10. Жатақханалар ішкі тәртібінің ережелері, ескерту беру, сөгіс беру	6
11. Қатаң сөгіс беру, уақытша жатақханадан шығару, біржолата жатақханадан шығару	7
12. Келісу, сақтау және тарату	8
13. Танысу парағы	9

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-074-2021</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Жатақханалар орталығының ережесі</b>		<b>9 беттің 3-ші беті</b>

## **1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1. Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты студент жатақханаларының барлығын және жатақханада тұратын студенттерге қатысты қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. УЕ ХҚТУ-074-2021 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында білім алушыларға жатақхана беру» дайындалды.

2.2. ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 № 215 «Комиссияны қалыптастыру тәртібі» бұйрығымен дайындалды.

## **3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

Бұл Ережеде пайдаланған анықтамалар және қысқартулар тізбесі:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ - Университет ережесі;

СМЖ - Сапа менеджмент жүйесі;

ЖО - Жатақханалар орталығы.

## **4. ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1. Университеттің осы Ережесі Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің ректордың тарапынан бекітіледі.

4.2. Университеттің осы Ережесі талаптарының енгізілуіне стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы, әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры, жатақханалар орталығы басшысы тарапынан жүзеге асырылады.

4.3. Университеттің осы Ережесі талаптарының әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры, жатақханалар орталығы басшысы және жатақханалар меңгерушілері жауапты болып табылады.

## **5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1. Университет жатақханалары қыздар жатақханасы және ерлер жатақханасы болып бөлінеді. Бұл мүмкін болмаған жағдайда, қыздар мен ерлер бөлек-бөлек қабаттарға орналастырылады және бөлек есіктен кіріп-шығады.

17.2. Жатақхана басшылары немесе басқа да жауапты қызметкерлер жатақханада тұратын студенттердің бөлмесі мен заттарын қауіпсіздік, тазалық тұрғысынан және жатақхана ережелеріне сәйкес келіп-келмейтіндігін анықтау мақсатында тексере алады.

17.3. Ректорат төтенше жағдайларда тікелей өзі немесе Басқару кеңесінің ұсынысымен жатақханаларды жаба алады.

17.4. Жатақханада тұратын студенттердің ауырып қалғандары жанындағы күтушісімен бірге бір бөлмеде тұра алмайды. Мұндай жағдайда ауырған студент ауруханаға немесе үйіне кетуі керек.

17.5. Бұл Ережеде көрсетілмеген мәселелерді шешуде ректор, ректор өкілі және жатақханаларды Басқару кеңесінің шешімі жүреді.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХКТУ-074-2021</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Жатақханалар орталығының ережесі</b>		<b>9 беттің 4-ші беті</b>

## **6. ЖАТАҚХАНАНЫ БАСҚАРУ КЕҢЕСІ**

6.1. Жатақханаларды Басқару кеңесі, жауапты Вице-ректор, студенттер тарапынан сайланатын студенттік ректор және Жастар саясаты департамент директоры, Жастар орталығының басшысы және факультеттің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарларынан құралады.

6.2. Жатақханаларды Басқару кеңесі, жатақханаларды жалпы басқару, оның жұмыстарының үйлестіру және дамыту мәселелеріне қатысты ережелер мен принциптерді анықтайды. Кеңес өзіне келіп түскен ұсыныстар мен шағымдарды қарастырып, шешім қабылдайды. Бұл кеңес, студенттер тарапынан тәртіпсіздік жағдайлар орын алған жағдайда ережеге сәйкес тәуелсіз түрде ескерту және қатаң сөгіс бере алады және жатақханадан уақытша және біржолата шығару туралы жазалау шешімін қабылдайды.

6.3. Жатақханаларды Басқару кеңесі, жыл сайынғы жатақханаға студент орналастыру жұмыстарын жүргізеді. Жатақханаға студент орналастыру жұмыстары, оқу жылы басталған күннен бастап 10 күн ішінде жүргізіледі. Басқару кеңесі қажет деп тапса, жатақханаға студенттерді орналастыру және қабылдау жұмыстарын уақытша Жастар саясаты департамент директоры мен факультеттің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарлары өткізе алады.

## **7. ЖАТАҚХАНАНЫҢ СТУДЕНТТЕР КЕҢЕСІ.**

7.1. Жатақхананың Студенттер кеңесі, жатақханада тұратын студенттер тарапынан сайланады. Жатақхананың Студенттер кеңесіне мүше болғандардың саны, әр жатақханаға бес адамнан аз және он адамнан көп болмауы тиіс. Жатақхананың Студенттер кеңесі, студенттердің жатақханалардағы ішкі тәртіп ережесін сақтауға және жатақханада ұйымдастырылатын әртүрлі мәдени-әлеуметтік іс-шаралардың жоспарлануы мен өткізілуіне басшылық жасайды.

## **8. ЖАТАҚХАНАҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ**

8.1. Студенттердің жатақханада тұруы үшін университетке тіркелуі және ережелерге сай өтініш беруі тиіс. Студенттер жатақханада тұру үшін міндетті түрде медициналық тексеруден өткендігі туралы анықтама тапсырулары қажет. Ерлі-зайыпты студенттерге жатақхананың жағдайына қарай жеке бөлме берілуі мүмкін.

8.2. Студент дайындық бөлімінде немесе І-ші курста жатақханаға орналастырылған жағдайда, студент қатарынан шығарылмайынша жатақханаға тіркеулі болады, яғни қайтадан жатақханаға тіркеліп, орналаспайды. Университеттен (оқудан) шығарылған және оқуын бітірген студенттердің орнына дайындық бөлімінің тыңдаушылары және І-ші курс студенттері орналастырылады.

8.3. Ақылы негізде білім алатын студенттер жатақханаға тек бос орын болған жағдайда ғана жатақханаға орналастырылуы мүмкін. Магистратура және докторантура бағдарламаларында білім алатын студенттерге бос орындардың 3 % мөлшерінде контингент бөлінеді. Оқуын тиісті мерзім ішінде бітіре алмаған студенттер жатақханадан шығарылады. Солардың ішінен 3% мөлшерінде бөлінетін бос орындарға қайтадан жатақханаға қабылдауға болады. Бірақ, жатақхананың төлемақысын екі есе төлейді.

8.4. Студенттер жатақханаға төмендегі ретпен (тәртіп) орналастырылады:

а) Шет елден келгендер/ грант, квота иегері және ақылы/;

б) Қазақстанның алыс, жақын облыстарынан келгендер/құжаттары мен куәліктері расталғанын өткізген жағдайда/ 1,2,3-курс грант, квота иегері және ақылы өз кезегімен ерлер №1,3,5,6 ал қыздар №2,3,5,6 және Кентау, Шымкент қалаларындағы жатақханаларға орналастырылады;

в) Түркістан облысынан келген 1,2-курс /Түркістан қаласы мен Кентау қаласының тұрғындарынан тыс/ грант иегерлері а,б-ші пункттеріне орналасулар біткен соң орналастырылады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-074-2021</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Жатақханалар орталығының ережесі</b>		<b>9 беттің 5-ші беті</b>

г) Жатақханаға орналастыру комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді биылғы 2020-2021 оқу жылынан бастап АУУ PORTAL бағдарламасы бойынша өтініштерді қабылдап жоғарыдағы критерилерге сай тәртіппен жүзеге асырады.

8.5. Даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар; /медициналық анықтамасының болуы/, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер; /медициналық анықтамасының болуы/, мүгедек балалар; /медициналық анықтамасының болуы/, тұл жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар:/мәліметтер мен құжаттар нотариалды расталған болуы/, ата-анасының біреуі немесе екеуіде мүгедек болып табылатын адамдар; /мәліметтер мен құжаттар нотариалды расталған болуы/, көп балалы отбасынан шыққан студенттер яғни, жанұясында мектеп жасындағы бес баласы барлар, (Алтын алқа)/туу туралы куәлік көшірмелерінің нотариалды расталған болуы керек/; университет спортшылары және өнерпаз студенттер (республикалық жарыстарда жүлделі орынға ие болғандар, КТК клубының мүшелері, эн-би тобының мүшелері).

8.6. Университетте бірінші және одан жоғары курстарда оқып, жатақханада тұруды қалайтын студенттер, 1-ші мамырға дейін деканатқа өтініш беруі керек және кейінгі жылы да студенттерді жатақханаға осы өтініштеріне қарай орналастыруға тырысады. Студенттерді жатақханаға орналастыру тізімі, студенттер жазғы демалысқа шықпай тұрып анықталады және жарияланады. Студенттер жаңа оқу жылында жатақханадағы тұратын орынн біліп, жазғы демалысқа шығады.

8.7. Жаңадан келген студенттер, егер шарттар сәйкес келсе 20 күн ішінде деканатқа өтініш өткізеді. Бұл өтініштер Жатақханаларды Басқару кеңесінің шығаратын шешіміне қарай қаралады. Университетке түркі дүниесінен және түркі тілдес республикалардан жаңадан келген дайындық бөлімінің тыңдаушыларына өтініш беру шартына қарамастан орын бөлінеді.

8.8. Дайындық бөлімінің тыңдаушылары міндетті түрде жатақханада тұруы керек. Сондай-ақ тәртіпсіздік іс-әрекеттеріне байланысты жауапқа тартылған Дайындық бөлімі тыңдаушылары жанұяларына тиісті хат жолданғаннан кейін жатақханадан шығарылады. Қандай да бір жасаған тәртіпсіздік іс-әрекетіне байланысты (қылмыс) жауапқа тартылған немесе тергеу ісі жүргізілген студенттердің жатақханаға қабылданып-қабылданбауын Жатақханаларды Басқару кеңесі шешеді.

8.9. Жатақханада тұруы тиісті органдар тарапынан қауіпті деп табылған студенттердің жатақханаға қабылдануына тиым салынуы немесе жатақханадан шығарылуы туралы мәселе тәрбиешілер тарапынан Жатақханаларды Басқару кеңесіне ұсынылады, ал кеңес өз шешімін қабылдайды.

## **9. ЖАТАҚХАНА ТӨЛЕМ АҚЫСЫ**

9.1. Жатақхана төлемақысы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.07.1993ж. 328 санды бұйрығына қарай төленеді. Өзгертулер Ректорат тарапынан жасалады. Жатақхана төлемақысы 1 жылдық мөлшерде жылына бір рет төленеді. Бұл төлемақы студент жатақханада тұруға өтініш берген кезде төленеді. Жатақхана төлемақысын өтініш берген кезде нақты (қолма-қол) төлемегендер, жатақханаға қабылданбайды. Ақпан айында бітіріп кететін студенттер төлемақыны жарты жылға төлейді.

9.2. Жатақханаға тіркелген студенттерден:

а) Сабақ басталған күннен бастап 20 күн ішінде жатақханаға орналасқан студенттер 1 жылдық жатақхана төлемақысын толық төлейді.

ә) Екінші айдың соңына дейін жатақханаға орналасқан студенттер жылдық жатақхана төлемақысының 85%-ын төлейді.

б) Екінші айдан кейін жатақханаға орналасқан студенттер жатақхана төлемақысының 75%-ын төлейді.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-074-2021</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Жатақханалар орталығының ережесі</b>		<b>9 беттің 6-ші беті</b>

в) Екінші семестрде жатақханаға орналасқан студенттер 1 жылдық жатақхана төлемақысының тең жартысын төлейді.

9.3. Екінші жарты жылдықта жатақханаға кеш орналасқан студенттерге төлемақының жартысын төлеу туралы жоғарыда көрсетілген ереже қолданылады.

9.4 Жатақханада тұрмайтын сырттан келген студенттерге қатысты төлемақы мөлшерін және жатақханаға қабылданатын шетелдік студенттердің санын Ректорат анықтайды. Жазғы және қысқы демалыстарда жатақханада тұратын қонақтар мен студенттерден алынатын төлемақы мөлшерін Ректорат анықтайды.

9.5. Жатақханаға тіркелген студенттер жатақханадан кететін кезде жатақхана төлемақысының:

а) оқу жылының алғашқы күнінен бастап тұрып, екінші апта соңында кетсе, жылдық жатақхана төлемақысының 90%-ын;

ә) төртінші апта соңына дейін тұрғандар жылдық жатақхана төлемақысының 70%-ын;

б) сегізінші аптаның соңына дейін тұрғандар жылдық төлемақының 40%-ын қайтарып ала алады.

9.6. Сегізінші аптадан кейін жатақханадан кеткендерге төлемақы қайтарылмайды. Екінші семестр басталмас бұрын оқудан шығарылған, бітіріп кеткен немесе бір жарым жылға машықтануға кететін студенттерге және екінші жарты жылдықтың төлемақысы қайтарылады. Өз еркімен және тәртіп бұзып оқудан шығарылған басқа да себептермен жатақханадан кеткен студенттерге төлемақы қайтарылмайды.

9.7. Оқу жылы ішінде жатақханада тұрған студенттер жаз айларында және демалыс кездерінде оқу бағдарламаларын жалғастыруына байланысты, деканат немесе департамент директорлығынан құжат әкелген жағдайда кезекші жатақханаларда ақысыз тұра алады.

9.8. Студенттер жеке істерімен жаз айларында Түркістандағы немесе университет жатақханалары орналасқан басқа қалаларға барған кезде студент жатақханаларында тұра алмайды.

## **11. ЖАТАҚХАНАЛАР ІШКІ ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЕСКЕРТУ БЕРУ, СӨГІС БЕРУ**

11.1. Жатақханалар ішкі тәртібінің ережесін бұзған және студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасаған студенттерге «ескерту» және «қатаң сөгіс» беріледі. Жатақханаларға ішкі тәртібінің ережелері мен келісімшартына қайшы іс-әрекет жасаған студенттердің мәліметтері тәрбиешінің ұсынысымен Басқару кеңесіне жіберіледі.

11.2. Басқару кеңесінің шешімдерінде көрсетілген тәртіптік жазалауларды (жауапқа тарту), ректор және ректор өкілі азайтуға немесе көбейтуге құқылы.

11.3. Жатақханадан шығару туралы шешімге наразы (қарсы) болған студенттер бес күн ішінде Ректоратқа өз наразылықтарын білдіре алады. Бірақ, наразылық білдіру жатақханадан шығару туралы шешімнің күшін жоймайды.

11.4. Жатақханадан шығарылуы туралы шешім қабылданған студенттер, ең кемі бес күн ішінде жатақхананы босатуға және жатақхана куәліктерін жатақхана басқармасына өткізуге міндетті.

11.5. Ескерту берілетін жағдайлар төмендегіше:

а) студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасау;

ә) адамдармен қарым-қатынаста дөрекі және әдепсіз іс-әрекеттер жасау;

б) айналасын таза ұстамау;

в) музыкалық аспаптардың дауысын қатты қойып, айналасындағылардың мазасын алу;

г) студенттер жатақханасының келісімшартында көрсетілген ережелерге мойынсұнбау;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-074-2021</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Жатақханалар орталығының ережесі</b>		<b>9 беттің 7-ші беті</b>

- д) жатақхана ішінен сауда мақсатында орын ашу;
- е) жатақхана заттарының орнын рұқсатсыз ауыстыру.

**11.6. Сөгіс берілетін жағдайлар төмендегіше:**

- а) ескерту берілетін іс-әрекеттерді қайталау;
- ә) студенттің ар-намысына нұқсан келтіретін, студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасау;
- б) қабырғаларға, есіктерге, мүлік беттеріне жазулар жазу, сызу, саяси партияларға қатысты белгі, әдепсіз суреттер жапсыру, жатақхана мүлкіне зиян келтіру, өз бөлмесінен тыс басқа жерлерде Ректорат бекітпеген хабарландыру немесе жарнама ілу, жатақхана бөлмелері мен қондырғыларын мақсатсыз пайдалану;

**12. ҚАТАҢ СӨГІС БЕРУ, УАҚЫТША ЖАТАҚХАНАДАН ШЫҒАРУ, БІРЖОЛАТА ЖАТАҚХАНАДАН ШЫҒАРУ**

**12.1. Қатаң сөгіс берілетін жағдайлар төмендегідей:**

- а) сөгіс берілетін іс-әрекеттерді қайталау;
- ә) Ректорат ілген және ілуге рұқсат берген хабарландыруын жұлу, жыртып тастау;
- б) талап еткен анықтамаларды бермеу немесе қате беру;
- в) екі күн рұқсатсыз жатақханаға қонбау.

**12.2. Уақытша жатақханадан шығаратын жағдайлар төмендегідей:**

- а) төбелес шығару немесе біреуді қорқыту, бопсалау;
- ә) қатаң сөгіс берілетін жағдайларды қайталау;
- б) жатақханалардың айналасын ластау, бүлдіру;
- в) жатақхана мүліктері мен заттарына зиян келтіру;
- г) жатақханада тіркелмеген адамдардың жатақханаға кірулеріне және жасырынуына жағдай жасау, оларға көмектесу, жасыру;
- д) басшылар мен қызметкерлерге жұмыс істеуге кедергі жасау, ескертулерді тыңдамау;

- е) 5 күн қатарынан жатақханаға рұқсатсыз келмеу;

**12.3. Жатақханадан уақытша шығару мерзімі** Басқару кеңесінің қабылдайтын шешіміне қарай ең кемі 30 күн мен бір оқу жылы аралығында болуы мүмкін. Жатақханадан уақытша шығарылған студенттер осы уақыт аралығында жатақханаға кіре алмайды.

**12.4. Біржолата жатақханадан шығарылатын жағдайлар төмендегідей:**

- а) уақытша жатақханадан шығаратын жағдайларды қайталау;
- ә) жатақханаға қару-жарақ, оқ-дәрі, жарылғыш заттар алып кіру және оларды қолдану;
- в) құмар ойнау, құмар ойындарының заттарын алып кіру;
- б) есірткі заттарын қолдану немесе бұларды жатақханаға алып кіру;
- г) ұрлық жасау;
- д) жатақханаға және жатақхананың төңірегіне спирттік ішімдіктер алып келу, спирттік ішімдіктер ішу;
- е) жатақханадың тыныштығын бұзатын іс-әрекеттер мен студентке жараспайтын әдепсіз қылықтар жасау;
- ж) жатақхана төңрегінде және бөлме ішінде темекі бір реттік (однаразовый), электрондықтың барлық түрі, хор-хор (кальян) тартқандар;

**12.5. Университеттен уақытша алыстатылған студенттер, өздеріне тиесілі жазалау мерзімі бітпейінше жатақханаға қабылданбайды.**

**12.6. Жатақхананың бүлінген заттары мен жерлерінің құнын бүлдірген адам төлейді.** Ортақ қолданылатын заттар бүлінген немесе жоғалған жағдайда кінәлі адам табылмаса, оның төлемі ортақ қолданғандар секциясынан өндіріледі.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-074-2021</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Жатақханалар орталығының ережесі</b>		<b>9 беттің 8-ші беті</b>

12.7. Жатақханаларда тұратын студенттер жатақхана комендантынан алған және қолданған барлық заттар мен мүліктерге жауапты. Жатақханадан шығатын кезде өзіне берілген барлық мүліктерді түгелдеп, жатақхана комендантына тапсыруы тиіс. Тапсырмаған жағдайда тиісті шаралар қолданылады.

### **13.КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

13.1 Осы университет ережесі талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және рәсімделеді.

13.2. Осы университет ережесінің бақылау данасы стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында сақталады.

13.3 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, көшірмесін және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі жатақханалар орталығы басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры, жатақханалар орталығы басшысы және жатақханалар меңгерушілеріне, факультеттің декан орынбасарларына жіберіледі.

Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2021 жылы қыркүйек айының 14-жұлдызында болған № 1 кезектен тыс Сенат мәжілісінің хаттамасы.

### **КЕЛІСІЛДІ**

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры

Заң бөлімінің басшысы

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

 А.Тұрғанбаев  
 Ғ.Мусаханов  
 Қ.Тубеков  
 Ж.Дарибаев